

DOI 10.52260/2304-7216.2023.3(52).44
ЭОЖ 332.144
FTAMP 06.71.07

Ә.Е. Төлепов*, PhD, аға оқытушы¹
А.Б. Тлесова, э.ғ.к., қауымд. профессор²
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, Астана қ., Қазақстан¹
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті, Орал қ., Қазақстан²
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: adil-tulepov@mail.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨСУ ПОЛЮСТЕРІ

Мақалада Батыс Қазақстан аймағы ауыл шаруашылығы саласының инновациялық қызметінің даму жағдайы зерттелген. Мақсаты - Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылық саласындағы инновациялық қызметінің даму жағдайын анықтау және оның жетілдіру жолдарын ұсыну. Әдістері - мәліметтерді ғылыми абстракциялау, математикалық-статистикалық және нәтижелерді дедукциялау. Мақсатқа жету үшін нақты міндеттер шешілген: инновациялық қызметтің негізгі аспектілері және оның аймақтың ауыл шаруашылық саласындағы атқаратын рөлі зерттелген. Сонымен қатар, статистикалық мәліметтер талданып, Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылық саласындағы инновациялық қызметтің даму жағдайы бағаланған. Талдау және бағалауды жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мен аймақтың инновациялық қызметінің даму қарқынын нақты көрсететін Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер алынып, жүйеленген. Алынған нәтижелер негізінде Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығының негізгі даму бағыттары айқындалып, аталған салада инновациялық қызметті жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар жасалған. Нәтиже - шаруашылығы негізінен мұнай-газ секторына маманданған Батыс Қазақстан аймағының экономикасын ауыл шаруашылығына қарай әртараптандыру және бұл ретте, инновациялық қызметтің рөлі дәлелденді. Батыс Қазақстан аймағында облыстар және аудандар бөлінісінде инновациялық қызметті ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың негізгі өсу полюстері анықталды. Агроөнеркәсіптік кешенде инновацияларды дамыту бойынша ұсыныстар жасалды.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылығы, инновациялық қызмет, агроөнеркәсіптік кешен, инновациялық белсенділік, инновациялық өнім, инновацияларға шығындар, Батыс Қазақстан аймағы, жаңа технологиялар, өнімнің бағасы, өнім сапасы, инновациялық үдеріс, инновациялық кәсіпорындар.

Ключевые слова: сельское хозяйство, инновационная деятельность, агропромышленный комплекс, инновационная активность, инновационная продукция, затраты на инновации, Западно-Казахстанский регион, новые технологии, цена продукции, качество продукции, инновационный процесс, инновационные предприятия.

Keywords: agriculture, innovative activity, agro-industrial complex, innovative activity, innovative products, innovation costs, West Kazakhstan region, new technologies, product price, product quality, innovation process, innovative enterprises.

JEL classification: O 13, O 18, O 32

Кіріспе. Еліміздегі ауыл шаруашылығын және бүкіл агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың маңызды стратегиялық бағыттары ғылым мен техника жетістіктерін игеру негізінде өндірісті үздіксіз жаңартуға мүмкіндік беретін ғылыми-зерттеу прогресі мен инновациялық үдерістер болып табылады. Еліміз нарықтық экономикаға көшпес бұрын, инновациялардың нормативтік-қаржылық реттеушісі мемлекеттік жоспарлау арқылы жүзеге асырылды. Ірі ауқымды инновацияларды мемлекет өзі енгізу арқылы және ғылым мен технологияларды дамытудың басым бағыттарына әр түрлі ресурстарды шоғырландырумен іске асырып отырды. Қазіргі уақытта еліміздің ауыл шаруашылық саласын және түгел агроөнеркәсіптік кешенді дағдарыс жағдайынан шығарудың ең дұрыс жолы - ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктерін барынша пайдалану және экономиканың нақты секторында инновациялық қызметті дамытуға бағыттау болып табылады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Қазіргі уақытта басым мәселелердің бірі азық-түлік қауіпсіздігі болып табылады. Жалпы, елімізде азық-түлік қоры жеткілікті. Болашақта бағаның өсуіне жол бермеу керек» [1]. Бұл ретте, ауыл шаруашылық саласында инновациялардың атқаратын рөлі зор. Сонымен қатар, агроөнеркәсіптік кешенде инновацияларды кеңінен қолдану нәтижесінде тұтынушылар жоғары сапалы экологиялық таза өніммен қамтамасыз етіледі. Жаңа технологияларды пайдаланылу кезінде өнім

көлемі де артатындығын ескеру қажет. Сондықтан ауыл шаруашылығы саласында экономиканың басқа да салаларындағы секілді инновациялық қызметті жетілдіру өзектілігі жоғары екендігі байқалады.

Зерттеудің мақсаты - Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылық саласындағы инновациялық қызметінің даму жағдайын анықтау және оның жетілдіру жолдарын ұсыну болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешуіміз қажет:

- инновациялық қызмет ұғымының негізгі аспектілерімен танысу және оның ауыл шаруашылығы саласындағы атқаратын рөлін анықтау;

- Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығы саласының инновациялық қызметін талдау және бағалау;

- алынған нәтижелер негізінде Батыс Қазақстан аймағы ауыл шаруашылығы саласының инновациялық қызметін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу объектісі ретінде Батыс Қазақстан аймағында орналасқан 4 облыстың (Ақтөбе облысы, Атырау облысы, БҚО және Маңғыстау облысы) ауыл шаруашылығы саласының инновациялық қызметі алынып отыр. Зерттеу пәні - Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметті жетілдіру барысында пайда болатын экономикалық қатынастар болып табылады. Бұл ретте, аймақтың қандай субъектілері инновацияларды дамыту үшін әлеуеті жоғары екендігі, яғни олардың қайсысы қаржылық дәрменсіздікті бағалау тұрғысынан инновациялық қызмет үшін ең қолайлы екендігін анықтауымыз қажет [2].

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Оның ішінде, зерттеу объектісі мен пәніне байланысты материалдарды жинақтау және оны ғылыми абстракциялау арқылы өңдеу әдісі, статистикалық мәліметтерді талдау және алынған нәтижелерді дедукциялау арқылы ұсыныстарды әзірлеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу. Инновациялық қызмет - нәтижелері экономикалық өсу мен бәсекелесу қабілеттілігі үшін пайдаланылатын өндірістің әртүрлі салалары мен қоғамның басқару саласында жаңа идеяларды, ғылыми білімдерді, технологиялар мен өнімнің түрлерін енгізуге бағытталған қызмет [3]. Инновациялық қызмет пен аймақ қызметінің тиімділігінің өзара байланысы М.Портер [4] еңбегінде атап өтілген. Ғалымның пікірінше, аймақтың даму деңгейінің қолданылатын инновациялық стратегияға тікелей тәуелділігі бар [4]. Яғни, аймақтың инновациялық қызметін оның жекелеген салаларында дамуы арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен, мәселе елде жоғары сапалы өнімнің жеке үлгілері шығарылатындығында емес, өндіріс жоғары сапа деңгейімен сипатталатындығында. Бұл тұрғыда, сапалы өнімнің мөлшері туралы ғана емес, сонымен бірге экономикадағы «өндірілетін сапаның» жалпы мөлшері туралы да айту керек [5, 8-б.].

Экономикалық ғылымда көбінесе инновациялық қызмет «жаңа өнімді құру, оның идеясын қалыптастырудан бастап өндірісті дамытуға, өндіруге, сатуға және коммерциялық нәтиже алуға дейінгі тәртіп» деп түсініледі [6]. В.Быковскийдің айтуынша, инновацияларды құру, дамыту және тарату үдерісі инновациялық қызмет деп аталады [7, 7-б.]. Ауыл шаруашылығы саласында инновацияларды дамыту қажеттілігі туралы қазақстандық авторлар да өз көзқарастарын білдіреді. Мәселен, С.К.Капышеваның [8] пікірінше, қазіргі жағдайда ауыл шаруашылығын көтеру техника мен ғылым жетістіктерін енгізу арқылы агроөнеркәсіптік өндірісті жаңғыртуға бағытталған осы саладағы инновациялық кәсіпкерлікті дамыту негізінде ғана мүмкін болады. Инновацияны енгізу үдерісінің түпкілікті нәтижесін өнімділік коэффициенттері деп санауға болады, атап айтқанда, бұл үй жануарлардың өнімділігі мен ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі критерийлері [8]. Сонымен қатар, А.К.Шаймерденова [9] бастаған бірқатар қазақстандық авторлар: «Әлемдегі ауыл шаруашылығы дәстүрлі саладан инновациялық шешімдер мен әзірлемелер үшін жаңа нарықтар құруға қабілетті жоғары технологиялық салаға айналуға. Ғылымның, интернеттің, цифрлық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін ауыл шаруашылығына бағдарлаудың маңызы зор. Шаруашылық жүргізудің әлемдік тәжірибесі ауыл шаруашылығының, агроөнеркәсіптік кешеннің серпінді дамуы ақылды технологияларды ғылыми пайдалануға негізделгенін көрсетеді» - деп, инновациялық қызметтің ауыл шаруашылығындағы маңызына баса назар аударған [9].

Агроөнеркәсіп кешенінің инновациялық қызметі әр түрлі субъектілер мен олардың ұйымдары арасындағы өзара іс-қимылды жолға қою, тәжірибедегі, институттар мен саясаттағы өзгерістерге жәрдемдесу, сондай-ақ мәселелерді шешу және мүмкіндіктерді пайдалану үшін қолда бар адами және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану арқылы ауыл шаруашылығы инновациялары жүйелерін жетілдіруге бағытталған [10].

Ханде Учар Озкан [11] бастаған шетелдік ғалымдар тобы ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологияларды қолданудың пайдасы туралы келесі көзқарасын келтіреді: «Жаңа ауылшаруашылық технологиялары арқылы деректерді жинау Климаттық жағдайлардың өзгеруі, топырақтың құнарлылығы, өнім өндіруге қажетті суару суының мөлшері, жәндіктер мен зиянкестерді анықтау тұрғысынан пайдалы» [11].

Инновациялық қызметтің аймақтық деңгейде дамуын анықтау және оның аймақ экономикасына әсерін бағалау үшін оның жеке салаларындағы инновациялық қызметтің даму жағдайын талдауымыз қажет. Бұл мақалада біз Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығы, оның ішінде өсімдік шаруашылығының инновациялық қызметін қарастырамыз. Елдегі ауыл шаруашылығын құрылымдық-экономикалық реформалаудың негізгі мақсаттарының бірі - экономиканы жаңғырту және әртараптандыру контекстінде экономиканың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігі негізінде халықты өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін азық-түлік және шикізатпен қамтамасыз ету болып табылады [12]. Бұл орайда, инновациялық қызметтің рөлі зор екендігін ескеру қажет. Себебі, қазіргі кезде инновациялар бәсекелестікті қамтамасыз етуші негізгі тетік ретінде қолданылады.

Зерттеушілердің басты назары іргелі ғылыми зерттеулерге емес, инновацияларға аударылуы керек және ол инновациялардың экономиканың нақты секторларына енгізілуі қажетті. Дегенмен, оны нақты секторға енгізу және дамыту экономиканың контекстіне байланысты екендігі ескеріледі. Қазіргі уақытта зерттеушілер нақты жағдайларға байланысты осы қабілеттердің дамуын ынталандырудың бірқатар жолдарын қарастыруда [13].

Негізгі бөлім. Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылық саласында инновациялық қызметтің даму жағдайын анықтауын үшін негізгі көрсеткіштерін талдап өтейік (1-кесте):

1-кесте


Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі, млн.тг.*

№	Ақтөбе облысы	Атырау облысы	БҚО	Маңғыстау облысы	Батыс Қазақстан аймағы бойынша
2012	141 873,1	40 376,1	89 108,3	7 822,5	279 180
2013	151 026,5	44 029,9	99 095,6	8 036,6	302 188,6
2014	157 258	48 824	103 539,8	8 724,7	318 346,5
2015	165 244,3	58 765,5	106 544,4	11 734,3	342 288,5
2016	183 965,3	61 612,9	131 015,8	12 466,1	389 060,1
2017	200 631,3	62 601,2	140 043,8	14 429,8	417 706
2018	234 336,4	68 562,8	139 918,3	16 627,7	459 445,2
2019	271 561,8	78 385,1	171 145,1	20 636,2	541 728,2
2020	325 226,2	86 478,3	197 401,7	20 193	629 299,2
2021	376 434,4	114 017,5	232 214,4	22 197,9	744 864,2
Өсім деңгейі, %	62,3	64,6	61,6	64,8	62,5
Осу деңгейі, %	265,3	282,4	260,6	283,8	266,8

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-кестеден көріп отырғанымыздай, Батыс Қазақстан аймағы бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемі 2012-2021 жылдар аралығында барлық облыстарда артқандығы байқалады. Оның ішінде, Ақтөбе облысында өсім деңгейі 62,3%-ға, Атырау облысында 64,6%-ға, БҚО-да 64,8%-ға, Маңғыстау облысында 62,5%-ға артқан. Жалпы өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі бойынша көш бастаған Ақтөбе облысы (2021 жылы 376 434,4 млн.тг.) мен БҚО (2021 жылы 232 214,4 млн.тг.) болып табылады. Ал Маңғыстау облысы 22 197,9 млн.тг. өнім көлемімен аймақтағы басқа облыстардан артта қалып отыр. 2021 жылы жалпы Батыс Қазақстан аймағы бойынша 744 864,2 млн.тг. көлемінде ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. Яғни, бұл - аймақтың үлкен ауыл шаруашылық әлеуеті бар екендігін білдіреді. Сонымен қатар, аталған салада инновациялық қызметті дамыту мүмкіндігі мен маңызы жоғары екендігін аңғартады.

Батыс Қазақстан аймағында ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметтің даму жағдайын анықтау үшін негізгі көрсеткіштерін талдауымыз қажет. Бұл ретте, ең негізгі көрсеткіштердің бірі - инновациялық белсенділік деңгейі болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы инновациялық белсенділік деңгейін 1-суреттен көруімізге болады:




1-сурет. Ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық белсенділік деңгейі, %*

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

1-суреттен ауыл шаруашылығы саласында инновациялық белсенділік деңгейі Атырау облысында жоғары екеніндігін байқаймыз. 2020 жылы бұл көрсеткіш 17,6%-ды құраған. Ақтөбе облысы және БҚО-да соңғы 2016-2020 жылдары аралығында ауыл шаруашылығындағы инновациялық белсенділік бір қалыпты сақталып отыр. Дегенмен, Атырау облысында инновациялық белсенділік біртіндеп төмендегені байқалады (2020 жылы 7,5%). Бұл - Атырау облысындағы сол жылғы эпидемиологиялық жағдайға байланысты мұнай-газ саласына инновацияларды трансферттеудің қысқаруы нәтижесінен болып отыр. Ауыл шаруашылығына бұл жағдай жанама түрде әсер етеді. Өйткені әр облыста маманданған саладағы негізгі әлеуеттік көрсеткіштер төмендеген кезде барлық әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне әсер ететіні белгілі. Маңғыстау облысында инновациялық белсенділік көрсеткіші 0-ге тең. Демек, бұл - облыста ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындардың ешбірі (2018 жылдан басқа) инновацияларды енгізбегендігін білдіреді. Бұл да облыстың бір салаға мамандануының кесірі деп айтуымызға болады. Дегенмен, аудандағы ауыл шаруашылығын дамытудың әлеуетін ескере отырып, инновациялық қызмет шығындарын мұнай саласынан ауыл шаруашылығы саласына әртараптандыру мүмкіндігі барын көрсетеді.

Инновациялық белсенділік деңгейімен қатар, Батыс Қазақстан аймағындағы ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметтің даму жағдайын толығырақ сипаттау үшін осы саладағы инновацияларға жұмсалған шығындар көлемі мен өндірілген барлық инновациялық өнімдер көлемін анықтауымыз қажет (2-сурет).




2-сурет. Ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық өнімдер мен инновациялық қызметке жұмсалған шығындар көлемі, млн.тг.

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2-суретте көрсетілгендей, Батыс Қазақстан аймағында 2016-2020 жылдар аралығында өндірілген инновациялық өнімдер көлемі 2020 жылы 1954,9 млн.тг. құрап отыр. Бұл 2016 жылғы көлемімен (55,2 млн.тг.) салыстырғанда 35 есе көп. Демек, аймақтағы ауыл шаруашылығы саласының жалпы өнім

көлемі артуымен бірге (1-кесте) инновациялық өнімдердің де артып отырғандығы байқалады. Батыс Қазақстан аймағындағы ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметтің даму жағдайы облыстар бөлінісінде әр түрлі екендігін аңғаруға болады. Мәселен, Маңғыстау облысында ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық өнімдер мен инновациялық қызметке жұмсалған шығындар көлемі 2016-2020 жылдар аралығында 0-ге тең. Демек, Маңғыстау облысында ауыл шаруашылығы саласында инновациялық қызмет жүзеге аспаған. Оның себебі, облыстың аймақтағы басқа облыстар секілді мұнай өндірісіне мамандануы болып табылады және инновациялық қызметтің дамуы мұнай-газ саласында ғана байқалады. Дегенмен, ауданда ауыл шаруашылығын дамыту әлеуеті бар. Ақтөбе облысында аталған салада инновациялық қызметке шығындар көлемі көп болғанымен, инновациялық өнімдер көлемі аз. Тек 2020 жылы инновациялық өнімдер көлемі 1826,4 млн.тг. құраған және бұл көрсеткіш барлық облыстар ішіндегі ең көп көрсеткіш болып табылады. Бұның себебі, 2020 жылғы облыстағы инновациялық тәсілдерді енгізу және жаңа технологиялар сынақтан өткізуге, демонстрациялық полигондар құруға, отандық және шетелдік әріптестермен бірлесіп ғылыми-зерттеу әзірлемелеріне жұмсалған шығындардың артуына байланысты.

Инновациясы бар ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындар саны 3-суретте көрсетілген:



3-сурет. Ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялары бар кәсіпорындар саны, бірлік*

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Батыс Қазақстан аймағындағы ауыл шаруашылығы саласындағы қызмет ететін инновациясы бар кәсіпорындардың жалпы саны 2020 жылы 23 кәсіпорынды құрап отыр. Бұл көрсеткіштің өткен жылғы деңгеймен салыстырғандағы күрт жоғарылауы Атырау облысының инновациясы бар кәсіпорындарының жоғары санымен түсіндіріледі. Маңғыстау облысында инновациясы бар кәсіпорындар саны жоқ. Бұл жоғарыда аталған өзге көрсеткіштердің де төмен дәрежесімен сәйкес келеді.

Батыс Қазақстан аймағы ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялық қызметтің даму жағдайының негізгі көрсеткіштерін талдай келе, аймақтың аталған саланы дамытуда үлкен әлеуеті бар екендігі анықталады. Бірақ аймақтың әр облысының жағдайында айырмашылықтары бар.

Мәселен, инновацияларға жұмсалған шығындар мен инновациялық өнімдердің өндірілу көлемі бойынша Ақтөбе облысы алдыңғы қатарда екендігі анықталды. Бұл облыстың негізгі ауыл шаруашылығы саласындағы инновациялар кең қолданылатын аудандары Мартөк, Мұғалжар, Хромтау аудандары мен Ақтөбе қаласы болып табылады. Мартөк ауданы өсімдік және мал шаруашылығы үшін қолайлы аудандардың бірі болып табылады. Аудандағы ауыл шаруашылығына жарамды жердің аумағы 480 мың га, шабындығы 11,0 мың га, жайылымы 265,2 мың га, ал орманы 5,6 мың га. Мал шаруашылығы да дамыған. Мұғалжар ауданының мал шаруашылығының басым бағыты – етті сиыр, қой шаруашылығы және асыл тұқымды жылқы болып табылады. Мал шаруашылығының өркендеуіне байланысты ет, сүт жүн өндіру де едәуір артуда. Мұғалжар ауданында егін шаруашылығының да дамуы байқалады. Инновациялық қызметтің нәтижесінде жер құнарлылығын арттыру жұмыстары жүргізілуде. Хромтау ауданында биязы жүнді қой және етті-сүтті мал, жылқы, көкөніс, картоп өсіруге маманданған 5 ұжымшар, 6 кеңшар, 1 мал бордақылау бірлестігі нарықтық экономикаға өтуге байланысты жекешелендіріп, 3 АҚ, 7 ӨК, 96 ЖШС және

1200-ден астам шаруа қожалықтары құрылып, қызмет етуде. Ауданда ауыл шаруашылығына жарамды жердің аумағы 356,8 мың га, оның ішінде жыртылатын жер 134,5 мың га, шабындығы 3,7 мың га, жайылымы 220 мың гектар. Ауыл шаруашылық саласының мұндай әлеуеті салада инновациялық қызметті жетілдірудің толық мүмкіндіктерін туғызады.

Атырау облысы ауыл шаруашылығындағы инновациялық белсенділік көрсеткіші бойынша 2020 жылы жалпы аймақтық деңгейде әлдеқайда алға шықты. Яғни, ауыл шаруашылығында қызмет ететін барлық кәсіпорынның 18-і инновацияларды енгізген және инновациялық белсенділік 17,6% құраған. Атырау облысының негізгі инновациялық қызметі мұнай өндіру саласында шоғырланған, дегенмен ауыл шаруашылығы салалары бойынша Құрманғазы, Махамбет аудандарының әлеуеті жоғары. Бұл ретте, инновациялық қызметті осы салаларға әртараптандыру арқылы облыс экономикасының жағдайын арттыруға, ЖӨӨ жоғарлатуға мүмкіншіліктер бар.

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық өнімдерінің өсім деңгейі соңғы 10 жылда 61,6 %-ды құраса да, ауыл шаруашылық саласындағы белсенділік деңгейі төмен көрсеткіштерді көрсетіп отыр. Тіпті 2020 жылы ауыл шаруашылығы бойынша инновациялық өнім өндірілмеген және шығындар бөлінбеген. Яғни, өнімдік және үдерістік инновациялар жүзеге асырылмаған. Батыс Қазақстан облысының Бөрлі ауданы мұнай өндіру саласына маманданғандықтан, инновациялар негізінен сол салада ғана енгізіледі. Дегенмен, облыстың Бәйтерек, Жаңақала, Теректі аудандары ауыл шаруашылық әлеуеті жоғары аудандар болып табылады және осы аудандарда мал (мәселен Жаңақала ауданында жылқы шаруашылығы) және егін шаруашылығын дамытуда инновацияларды қолдану аудан ауыл шаруашылығын оңтайландыруға алып келуі ықтимал.

Батыс Қазақстан аймағы бойынша ең төменгі нәтижелерді Маңғыстау ауданы көрсетіп отыр. Соңғы 10 жылдағы ауыл шаруашылығы саласы өндірісінің көлемі бірнеше есе артып, 22 197,9 млн.тг. құрауына қарамастан, бұл - аймақтағы ең төменгі нәтиже болып табылады. Облыс Атырау облысы секілді мұнай-газ секторына маманданған. Ауыл шаруашылығы саласындағы артта қалушылық сол жағдайға байланысты.

Талдаудың нәтижелерін бір жүйеге келтіріп, нәтижелерді синтездесек, келесі қорытындыларды анықтауымызға болады:

- Ақтөбе облысында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі тұтас Батыс Қазақстан аймағымен пара-пар және саладағы инновацияларға жұмсалған шығындар инновациялық өнімдерді беру арқылы өтеліп отыр. Инновациялық белсенділік деңгейі де салыстырмалы түрде жоғары. Сондықтан, экспорттық мүмкіндігі бар ауыл шаруашылығы дамыған облыстың Қарғалы, Мәртөк аудандарын инновациялық өсу полюсі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, «Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибелік станциясы» ЖШС-де ғалымдар тәжірибелік шаруашылықтар базасында сорттардың өнімділігін арттыру үшін егіншілікке инновациялық тәсілдерді енгізуде, жаңа технологиялар сынақтан өткізіледі, демонстрациялық полигондар құрылды, отандық және шетелдік әріптестермен бірлесіп ғылыми-зерттеу әзірлемелері жүргізіледі. Ауданы 8 мың гектардан асатын учаскелерде дәнді, жемшөп және майлы дақылдардың бірегей және элиталық тұқымдары өндіріледі. Сонымен қатар, облыстағы «Грин Хаус Қазақстан», «Green Capital Kazakhstan» ЖШС-да жылына ең жаңа бесінші буын технологиясы, максималды өнім алуға мүмкіндік беретін ультра климаттық жүйе қолданылатындығы да инновациялық қызметтің дамуының дәлелі.

- Атырау облысының ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызметінің көрсеткіштері жоғары және инновацияларға жұмсалған шығындар тиімділігін көрсетіп отыр. Сондықтан Мұнай саласына маманданған Атырау облысының экономикасы әртараптандыру үшін ауыл шаруашылығында инновациялық қызметті дамыту мүмкіндігі бар. Оның мысалы ретінде облыстағы заманауи сүт кешенінің модернизациясын атап өтуге болады. Мұнда инновациялық технологиялардың арқасында сүт өнімдерінің ассортименті едәуір кеңейген. Бұл – инновацияларды енгізудің анық нәтижесі.

- Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарындағы ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызмет көрсеткіштері жалпы аймақтық деңгейден төмен болуының бірнеше себептері бар. Оны ауыл шаруашылығында саланың дамуын тежейтін бірқатар мәселелер арқылы түсіндіруге болады. Мәселен, экстенсивті технологияларды қолдану, суармалы жерлерді пайдаланудың төмен тиімділігі, бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының төмен өнімділігіне алып келеді; өсімдіктерді өсірудегі химиялық құралдары мен минералды тыңайтқыштарды жеткіліксіз қолдану егіннің үлкен ластануына және жердің табиғи құнарлылығының төмендеуіне алып келеді. Дегенмен, Маңғыстау облысының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудегі өсім деңгейі инновациялық әлеуетті арттырудың алғышартын қалыптастырады.

Аймақтағы инновациялық қызметті жетілдіру негізінен мал және егін шаруашылығы өнімдерін өндірудің жоғары бейімделгіш, ресурс үнемдейтін технологияларын енгізу, егін және мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикаларының өндірістік-техникалық әлеуетін қалпына келтіру және жетілдіру өнім өндірісінің тиімділігін арттырудың айқындаушы бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі кезде, ҚР-ның ауыл шаруашылығында internet of things (IoT) кеңінен қолданылуда. IBM ірі IT-компаниясының сарапшылары IoT пайдалану фермерлерге 2050 жылдың соңына қарай өндіріс көлемін 70% - ға арттыруға мүмкіндік береді деп санайды. Қалай болғанда да, IoT фермерлер кездесетін күнделікті тапсырмаларды жеңілдету тұрғысынан көп нәрсені ұсына алады: жабдықты үнемі күтіп ұстау, суға деген қажеттілікті бағалау, өсімдіктерді дұрыс отырғызу уақытын бағалау, топырақтың температурасы мен ылғалдылығын өлшеу, зиянкестермен күресу.

Ауылшаруашылық кәсіпорындарының инновациялық және инвестициялық қызметін жоспарлау - бұл бір-бірімен тығыз байланысты екі үдерісті біріктіру, өйткені инновация инвестицияларды тартпай мүмкін емес. Біздің ойымызша, аграрлық сектордағы инновациялар мен инвестицияларды жоспарлаудың негізгі тәсілі қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың мақсаттарына сәйкес әртүрлі иерархиялық деңгейлердегі даму стратегиясын айқындайтын мақсатты тәсіл болып табылады. Қабылданған стратегия немесе бағдарлама инновациялық және инвестициялық қызметтің миссиясы мен мақсаттарын, жоспарланған мақсаттар тізбегін, көрсетілген бағалау критерийлерін, болжамды мөлшерлемелерді, нормативтік міндеттер мен коммерциялық әсерді, сондай-ақ перспективалық ұсынымдарды айқындайды [15, 62-б.].

Қорытынды. Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қызметін жетілдіруде облыстардың салалар бойынша спецификалық ерекшеліктері бар екендігін ескеру қажет. Бұл ретте, аймақтың инновациялық қызметінің дамуындағы әркелкіліктерді де ескерген жөн. Дегенмен, жалпы Батыс аймағы бойынша ортақ сипаттама – салаларды әртараптандырудың қажеттілігі екендігі анықталады. Сондықтан инновациялық қызметті жетілдіруде аймақтардың маманданған салаларымен бірге, әртараптандыру мүмкіндіктері бар өзге салаларды да қарастыру қажет. Сондай дәстүрлі салалардың бірі ретінде бүгінгі тақырыптың зерттеу пәніндегі ауыл шаруашылығын қарастыруға мүмкіндік бар. Батыс Қазақстан аймағының ауыл шаруашылығында инновациялық қызметті дамытудың нақты стратегиялық тұжырымдамасына тоқталмас бұрын, аймақтағы инновациялық қызметті дамыту бойынша келесі бағыттарына назар аударуымыз керек:

– біріншіден, 2020 жылдан бастап орын алған COVID-19 дүниежүзілік пандемиясының ҚР экономикасына әсерін ескере отырып, еліміздің алдағы посткризистік даму кезеңінде жаңа аймақтық экономиканы дамыту тұжырымдамасы жасақталуы және іске асырылуы тиіс. Бұл тұжырымдамада аймақтағы ауыл шаруашылығындағы инновациялық қызметінің әлеуеті жоғары аудандарды жетілдіру қарастырылуы тиіс. Мәселен, Маңғыстау облысындағы Бейнеу және Түпқараған аудандарында, Атырау облысының Қызылқоға, Исатай аудандарында, Батыс Қазақстан облысындағы Теректі, Бәйтерек, Жаңқала аудандарында, Ақтөбе облысының Қарғалы, Мартөк аудандарында ауыл шаруашылығының және инновациялық қызметті жетілдірудің үлкен әлеуеті байқалады. Сол себепті «инновация – ауыл шаруашылығы» бағытын осы аудандарда дамытуға толық негіз бар.

– екіншіден, «өсу полюстері» қағидасына сәйкес ауыл шаруашылығын дамыту мүмкіндіктерін қарастыру. Бұл бағытта экспорттау әлеуетін қарастыру қажет. Мәселен, Ресеймен шекаралас Бәйтерек, Қарғалы аудандарын өсу полюстері ретінде қарастыруға болады. Өйткені бұл аудандардан инновациялық ауыл шаруашылығын өндіруді немесе инновациялық технологияларды трансферттеу мүмкіндіктері жоғары.

– үшіншіден, Батыс Қазақстан аймағы бұл тұрғыда географиялық орналасуы бойынша халықаралық тас жолдармен Батыс Қазақстан облысы, Атырау, Ақтөбе облыстары арқылы РФ пен ҚХР сауда-саттық қарым қатынаста байланыстырушы аймақ екендігін ескеру керек. Бұл ретте, Каспий теңізі арқылы су жолы торабында орналасқандықтан оңтүстіктегі көршілес мемлекеттерге ауыл шаруашылығы саласының өнімдері бойынша (мәселен, Иран, Әзірбайжан) экспорт-импорт қатынастарын кеңінен дамытуға мүмкіндік беретін аймақ болып табылады. Өсу полюстері ретінде біз Маңғыстау және Бейнеу аудандарын ұсынамыз. Өйткені инновация – ауыл шаруашылығы әлеуеті осы аудандарда бірталай жоғары.

Батыс Қазақстан аймағының инновациялық қызметін дамыту эпицентрі негізінде жаңа экономикалық қатынастардың пайда болуы, аймақтың оң құрылымдық өзгерістері болуы мүмкін. Оның нәтижелері мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның аумақтық құрылымдарына

ықпал ететін болады. Бұл мультипликативті үдерістің нәтижесі халықтың өмір сүру сапасын арттыруда өте маңызды болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқаев Қ-Ж. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың еліміздің аграрлық шаруашылығының дамуы туралы сұхбатынан [Электронды ресурс] // Егемен Қазақстан. – 2020. – URL: <https://eldala.kz/novosti/kazakhstan/890-tokaev-vyskazalsya-o-prioritetah-v-selskom-hozyajstve-kazahstana>.
2. Duricin S., Beraha I. Identifying medium-sized agricultural enterprises with the greatest potential for innovation development [Electronic resource] // Economics of Agriculture. – 2021. – №1. – P. 213-227. – URL: <https://www.ea.bg.ac.rs/index.php/EA/article/view/1737/1470>.
3. «Инновациялық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 8 маусым № 775 қаулысы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000775>.
4. Терновых К.С. Агропромышленные интегрированные формирования: состояние и перспективы развития. – Воронеж: ФГБОУ ВПО Воронежский ГАУ, 2013. – 245 с.
5. Попов А.И. Инновационная экономика: лекция [Электронный ресурс]. – Тамбов : Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2008. – 24 с. – URL: <http://www.aup.ru/books/m1217/>.
6. Костенко М.А. Правовые основы инновационной деятельности: Учебное пособие [Электронный ресурс]. – Таганрог: изд-во ТТИ ЮФУ, 2012. – 72 с. – URL: http://www.aup.ru/books/m248/2_1.htm.
7. Быковский В.В. Организация и финансирование инноваций: Учебное пособие [Электронный ресурс]. – Тамбов: Изд-во Тамб. гос. техн. ун-та, 2006. – 116 с. – URL: <http://www.aup.ru/books/m737/>.
8. Капышева С.К., Каменова М.Ж., Аймурзина Б.Т. Развитие инновационного предпринимательства в сельском хозяйстве Казахстана [Электронный ресурс] // Научный журнал Вестник университета «Туран». – 2020. – № 3(87) – URL: <https://vestnik.turan-edu.kz/jour/article/view/1007/895>.
9. Шаймерденова А.К., Ахметов Б.Ж., Шуленбаева Ф.А., Мусынова А.М. Ауыл шаруашылығы алқаптарын ұтымды пайдаланудың инновациялық әдістері [Электронды ресурс] // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2022 – №3 (48). – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/file-vestnik/a3bee7597cfd8163c2d3622326934e3.pdf>.
10. Schut M., Klerkx L., Kamanda J., Sartas M. Innovation Platforms: Synopsis of Innovation Platforms in Agricultural Research and Development [Electronic resource] // Innovation Platforms. – August, 2018. – P. 35. – URL: https://www.researchgate.net/publication/326524614_Innovation_Platforms_Synopsis_of_Innovation_Platforms_in_Agricultural_Research_and_Development.
11. Ozkan H.U., Savran M.K., Kaptan S., Saglam I., Kor C.V. In Rural Areas Internet Connection Problems and Solution Recommendations Experienced in The Process of Using Smart Agriculture Methods in Olive Farming [Electronic resource] // International Journal of Innovative Approaches in Agricultural Research. – October, 2023. – Vol. 7(3). – P. 336-346. – URL: https://ijiaar.penpublishing.net/makale_indir/4088.
12. Фарманов Ж.З. Теоретические основы развития инновационной сельскохозяйственной деятельности [Электронный ресурс] // Молодой ученый. – 2021. – № 15 (357). – С. 103-105. – URL: <https://moluch.ru/archive/357/79916/>.
13. Hall A., Sulaiman R., Beshah T., Madzudzo E., Puskur R. Agricultural innovation system capacity development: Tools, principles or policies? [Electronic resource] // Capacity.org. – 2009. – № 37. – P. 16-17. – URL: <https://www.ilri.org/publications/agricultural-innovation-system-capacity-development-tools-principles-or-policies>.
14. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайты. Инновациялық қызмет. Динамикалық кестелер [Электронды ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/>.
15. Lytneva N.A., Goncharov P.V., Kyshtymova E.A. The strategy of innovation and investment activity of the integrated agro-industrial enterprises [Electronic resource] // International Journal of Innovative Technologies in Economy. – 2015. – № 1(1). – P. 61-73. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/the-strategy-of-innovation-and-investment-activity-of-the-integrated-agro-industrial-enterprises>.

REFERENCES

1. Tokaev K-Zh. KR Prezidenti Kasym-Zhomart Tokaevtyñ elimizdin agrarlyk sharuashylygynyn damuy turaly suhbatynan [From the interview of the president of the Republic of Kazakhstan Kassym-Jomart Tokayev on the development of the country's agricultural economy] [Elektronny resurs] // Egemen Kazakhstan. – 2020. – URL: <https://eldala.kz/novosti/kazakhstan/890-tokaev-vyskazalsya-o-prioritetah-v-selskom-hozyajstve-kazahstana> [in Kazakh]
2. Duricin S., Beraha I. Identifying medium-sized agricultural enterprises with the greatest potential for innovation development [Electronic resource] // Economics of Agriculture. – 2021. – №1. – P. 213-227. – URL: <https://www.ea.bg.ac.rs/index.php/EA/article/view/1737/1470>.
3. «Innovaciya kyzmet turaly» Kazakstan Respublikasy Zanyryn zhobasy turaly Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2001 zhylgy 8 mausym № 775 kaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated June 8, 2001 No. 775 on the draft law of the Republic of Kazakhstan «On innovative activities»] [Elektronny resurs]. – URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P010000775_ [in Kazakh]
4. Ternovyh K.S. Agropromyshlennye integrirovannye formirovaniya: sostojanie i perspektivy razvitija. [Agro-industrial integrated formations: state and prospects of development] [Elektronny resurs]. – Voronezh: FGBOU VPO Voronezhskij GAU, 2013. – 245 s. [in Russian]
5. Popov A.I. Innovacionnaja jekonomika: lekcija. [Innovative Economics: lecture] [Elektronny resurs]. – Tambov : Izd-vo Tamb. gos. tehn. un-ta, 2008. – 24 s. – URL: <http://www.aup.ru/books/m1217/> [in Russian]
6. Kostenko M.A. «Pravovye osnovy innovacionnoj dejatel'nosti»: Uchebnoe posobie [The true foundations of innovative duty: Training manual] [Elektronny resurs]. – Taganrog: izd-vo TTI JuFU, 2012. – 72 s. – URL: http://www.aup.ru/books/m248/2_1.htm [in Russian]
7. Bykovskij V.V. Organizacija i finansirovanie innovacij: Uchebnoe posobie [Organization and financing of innovations: Training manual] [Elektronny resurs]. – Tambov: Izd-vo Tamb. gos. tehn. un-ta, 2006. – 116 s. – URL: <http://www.aup.ru/books/m737/> [in Russian]
8. Kapysheva S.K., Kamenova M.Zh., Ajmurzina B.T. Razvitie innovacionnogo predprinimatel'stva v sel'skom hozjajstve Kazakhstana [Develop an innovative preposition in agriculture of Kazakhstan] [Elektronny resurs] // Nauchnyj zhurnal Vestnik universiteta «Turan». – 2020. – № 3(87) – URL: <https://vestnik.turan-edu.kz/jour/article/view/1007/895> [in Russian]
9. Shajmerdenova A.K., Ahmetov B.Zh., Shulenbaeva F.A., Musynova A.M. Auy sharuashylygy alkaptaryn utymdy pajdalanudyn innovaciya adistery [Innovative methods of rational use of agricultural land] [Elektronny resurs] // Kazakh jekonomika, karzhy zhane halykaralyk sauda universitetinin zharshysy. – 2022 – №3 (48). – URL: <http://vestnik.kuef.kz/web/uploads/file-vestnik/a3bee7597cfd8163c2d3622326934e3.pdf> [in Kazakh]
10. Schut M., Klerkx L., Kamanda J., Sartas M. Innovation Platforms: Synopsis of Innovation Platforms in Agricultural Research and Development [Electronic resource] // Innovation Platforms. – August, 2018. – P. 35. – URL: https://www.researchgate.net/publication/326524614_Innovation_Platforms_Synopsis_of_Innovation_Platforms_in_Agricultural_Research_and_Development.
11. Ozkan H.U., Savran M.K., Kaptan S., Saglam I., Kor C.V. In Rural Areas Internet Connection Problems and Solution Recommendations Experienced in The Process of Using Smart Agriculture Methods in Olive Farming [Electronic resource] // International Journal of Innovative Approaches in Agricultural Research. – October, 2023. – Vol. 7(3). – P. 336-346. – URL: https://ijjaar.penpublishing.net/makale_indir/4088.
12. Farmanov Zh.Z. Teoreticheskie osnovy razvitija innovacionnoj sel'skohozjajstvennoj dejatel'nosti [Theoretical foundations of the development of innovative agricultural activity] [Elektronny resurs] // Molodoj uchenyj. – 2021. – № 15 (357). – S. 103-105. – URL: <https://moluch.ru/archive/357/79916/> [in Russian]
13. Hall A., Sulaiman R., Beshah T., Madzudzo E., Puskur R. Agricultural innovation system capacity development: Tools, principles or policies? [Electronic resource] // Capacity.org. – 2009. – № 37. – P. 16-17. – URL: <https://www.ilri.org/publications/agricultural-innovation-system-capacity-development-tools-principles-or-policies>.
14. KR Strategijalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ultyk statistika bjurosynyn resmi saity. Innovacijalyk kyzmet. Dinamikalyk kesteler [Official website of the Bureau of national statistics of the agency for Strategic Planning and reforms of the Republic of Kazakhstan. Innovative activities. Dynamic tables] [Elektronny resurs] – URL: <https://stat.gov.kz/> [in Kazakh].

15. Lytneva N.A., Goncharov P.V., Kyshtymova E.A. The strategy of innovation and investment activity of the integrated agro-industrial enterprises [Electronic resource] // International Journal of Innovative Technologies in Economy. – 2015. – № 1(1). – P. 61-73. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/the-strategy-of-innovation-and-investment-activity-of-the-integrated-agro-industrial-enterprises>.

Төлепов Ә.Е., Тлесова А.Б.

ПОЛЮСА ИННОВАЦИОННОГО РОСТА СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ОТРАСЛИ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОГО РЕГИОНА

Аннотация

В статье изучено состояние развития инновационной деятельности отрасли сельского хозяйства Западно-Казакстанского региона. Цель - определить состояние развития инновационной деятельности Западно-Казакстанского региона в сфере сельского хозяйства и предложить пути ее совершенствования. Методы - научная абстракция данных, математико-статистический метод и дедукция результатов. Для достижения цели решены конкретные задачи: изучены основные аспекты инновационной деятельности и ее роль в сельскохозяйственной сфере региона. Кроме того, проанализированы статистические данные и оценено состояние развития инновационной деятельности в сфере сельского хозяйства Западно-Казакстанского региона. Для проведения анализа и оценки были взяты и систематизированы основные макроэкономические показатели Актыобинской, Атырауской, Западно-Казакстанской и Мангыстауской областей, наглядно отражающие темпы развития сельского хозяйства и инновационной деятельности региона. На основе полученных результатов определены основные направления развития сельского хозяйства Западно-Казакстанского региона, выработаны конкретные предложения по совершенствованию инновационной деятельности в данной сфере. Результат - доказана необходимость диверсификации экономики Западно-Казакстанского региона, хозяйство которого специализируется в основном на нефтегазовом секторе, в сторону сельского хозяйства и при этом доказана роль инновационной деятельности. Определены основные полюсы роста развития сельского хозяйства и агропромышленного комплекса инновационной деятельности в разрезе областей и районов Западно-Казакстанского региона. Выработаны предложения по развитию инноваций в агропромышленном комплексе.

Tolepov A., Tlesova A.

POLES OF INNOVATIVE GROWTH IN THE AGRICULTURAL SECTOR OF THE WEST KAZAKHSTAN REGION

Annotation

The article examines the state of development of innovative activity in the agricultural sector of the West Kazakhstan region. The purpose is to determine the state of development of innovative activity of the West Kazakhstan region in the field of agriculture and to propose ways to improve it. Methods - scientific abstraction of data, mathematical-statistical method and deduction of results. To achieve the goal, specific tasks have been solved: the main aspects of innovation activity and its role in the agricultural sector of the region have been studied. In addition, statistical data were analyzed and the state of development of innovative activities in the field of agriculture of the West Kazakhstan region was assessed. To carry out the analysis and evaluation, the main macroeconomic indicators of Aktobe, Atyrau, West Kazakhstan and Mangistau regions were taken and systematized, clearly reflecting the pace of development of agriculture and innovation activity in the region. Based on the results obtained, the main directions of the development of agriculture in the West Kazakhstan region are determined, specific proposals for improving innovation activities in this area are developed. The result is that the need to diversify the economy of the West Kazakhstan region, whose economy specializes mainly in the oil and gas sector, towards agriculture is proved, and at the same time the role of innovation activity is proved. The main poles of growth in the development of agriculture and the agro-industrial complex of innovation activity in the context of regions and districts of the West Kazakhstan region are determined. Proposals for the development of innovations in the agro-industrial complex have been developed.